

БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе ауылының
ЖОББМ» КМУ директоры
Г.С.Алиева *Алиева*
«1» 09 2026 жыл

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУШІ ПЕДАГОГТІҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып (бастауыш сыныптарда – мамандықтар әлемімен таныстыру, орта буында – бейімділігін анықтау, жоғары сыныптарда – нақты мамандық таңдауға бағыттау) мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстарын жоспарлайды және ұйымдастырады.
- Оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын, бейімділіктері мен қабілеттерін анықтау мақсатында педагог-психологпен бірлесіп психологиялық-педагогикалық диагностика (сауалнамалар, тестілеулер) жүргізеді.
- Негізгі орта білім деңгейіндегі (9-сынып) оқушыларға жоғары сыныптардағы бейімдік оқыту бағыттарын (жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық және т.б.) таңдауға көмектеседі.
- Мектеп бітіруші түлектерге оқу орындарын (ЖОО, колледждер) таңдауға, ҰБТ бейімдік пәндерін дұрыс анықтауға бағыт-бағдар береді.
- Оқушыларды еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен, сондай-ақ «Жаңа мамандықтар атласымен» таныстырады.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналы жүйесімен тұрақты жұмыс істейді: кәсіби бағдарлау іс-шараларының (кездесулер, экскурсиялар, Ашық есік күндері) жоспары мен есебін жүргізеді, платформа арқылы оқушылар мен ата-аналарға ЖОО және колледждер туралы ақпараттарды, тестілеу қорытындыларын уақтылы жеткізіп, кері байланыс орнатады.
- Жоғары оқу орындарының, колледждердің, кәсіпорындар мен жұмыспен қамту орталықтарының өкілдерімен кездесулер, шеберлік сағаттарын, сондай-ақ өндіріс орындарына экскурсиялар ұйымдастырады.
- Сынып жетекшілеріне кәсіби бағдар беру бағытындағы сынып сағаттары мен іс-шараларды ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсетеді.
- Ата-аналарға немесе олардың заңды өкілдеріне баланың мамандық таңдауына психологиялық қолдау көрсету мәселелері бойынша жеке және топтық кеңестер береді.
- Мектеп түлектерінің жұмысқа орналасуына немесе оқуын жалғастыруына (ЖОО, колледждер) талдау және мониторинг жүргізеді.
- "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасы мен «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыра отырып, оқушылардың бойында адал еңбекке, еңбекқорлыққа және барлық мамандық иелеріне деген құрмет сезімін қалыптастырады.
- Оқушылар арасында академиялық адалдық қағидаттарын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттайды.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек Кодексін, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Бала құқықтары туралы" Заңдарын.

- Білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖМБС) және кәсіптік бағдар беруге қатысты нормативтік құқықтық актілерді.
- Жалпы және жас ерекшелік психологиясын, еңбек психологиясын, педагогика негіздерін, кәсіби бағдарлау жұмысының заманауи әдіс-тәсілдері мен диагностикалық құралдарын.
- Өңірлік және республикалық еңбек нарығының жай-күйі мен даму тенденцияларын, білім беру ұйымдарының (ЖОО, ТЖКБ) қабылдау ережелерін.
- «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс істеу негіздерін.
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, санитариялық қағидалар мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Тиісті бейін бойынша (педагогикалық немесе психологиялық) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болуы тиіс (жұмыс өтіліне талап қойылмайды).
- Біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда санаттарға сәйкес мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін – кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін – кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл, педагог-шебер (мастер) үшін – кемінде 5 жыл.

Таныстым:

Спанова Нәзиса Спанова

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтарына және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына (соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) сәйкес 2026-2027 оқу жылының талаптарына сай жасалды.